



### ҚҰРБАНҒАЛИ ХАЛИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ӨМІРІ

Өз заманының асқан оқымысты ғұламаларының дәстүрлі тағылымын бойына қанық сіңірген Құрбанғали Халидұлы, сол дәуірдегі шығыс ғалымдарының жолын ұстанып, ислами ілімнің барлық баспалдақтарын басып, үлкен жауапкершілік сынағынан өтіп, қарилық деңгейге жеткен. Қари атану үшін тек «Құран-Каримді» жатқа білу өз алдына, дін сақабасының маңдайына жазылған шариғат, мағрифат, тарихат, ақиқат сияқты дүниенің сырын білетін «шын мұхминдік» (Абай) танымды игеруі шарт. Мұндай дәрежеге жеткен, «Құран» мен пайғамбардың «Хадистеріне» түсінік беріп, бәтуә (фиқһ, фитва, үкім, кесім) шығара алатындай құқық – әр имамның дәрегейіне бұйыра бермеген. Оның мұндай дәрежеге көтерілуіне «жеті атасынан бері ғылымның қаракөк иманы үзілмеген» екенің, атаның, бабаларының дін қарындастың туын тік көтерген ғұламалық мектебі мен тәжірибесі тікелей тәлімдік еткен.

Құрбанғали Халидидің өзі қолымен жазып қалдырған, баласы Рамазан Құрбанғалиұлы жүйелеген «Жәдігердегі» емеуіріңге жүгініп, тарихи тұрғыдан тәфсірлесек, оның арғы тегі «Түрікмен баба Хиуа ханзадаларынан болып» [13.8] келеді екен. Ал Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и хамса-и шарқидағы» дерегіне жүгінсек, оның «арғы аталары ноғай нәсіленен» тарайтыны айтылады. Демек, ғалымның ата-бабасы «Алтын орданың» құрамындағы басты ұйытқының бірі – ноғай мырзаларынан бастау алады деп жорамалдауға толық негіз бар. Алтын ордадағы бектер мен мырзалардың жаппай ислам дінін қабылдаған соңғы діни ұйытқысы – Хорезм (Үргеніш) мен Хиуа шаһары болып табылады. Ал, сол орта ғасырда хорезмдік жазу үлгісі мұқым Орталық және Орта Азияның, әкімшілік тұрғысынан алсақ, Жошы мен Шағатай ұлысының барлығына шариғи үлгі болып танылған. Әйгілі «Шаһнаменің» төртінші нұсқасын жазған Байсұңқар [28.5] сияқты (қолжазбада: Байсұфқар делініп, жаңсақ жазылған – Т.Ж.) баспа үлгісіндегі әріп жүйесін түзіп, кітап бастырған атақты нашриятшылар – қалам иелері шыққан. Хорезм өлкесі – «Алтын орданың» дін тамыры атанған. Қашан Ақсақ Темір жермен жексен еткенше Тоқтамыс пен Едіге өздерінің білімдерін Үргеніште, содан кейін Хиуада жетілдірген. Демек, Құрбанғалидің бабалары ғұламалықты тәрбие жолы етіп ұстанған оқымыс тылардың үрімі боп саналады.

«Алтын орда» мен қоса Шағатай ұлысы да сетіней ыдырап, өзбек, қазақ, ноғай, түрікмен, қырымшақ, башқұрт, татар, қырғыз, қызылбас жамағаттары – Қазақ, Хиуа, Бұқара, Ташкент, Қоқан, Қазан, Қасым, Көшім, Ібір-Сібір, Қырым, Хорасан, Шируаншах, Қашқар хандығы боп ыдырап, исі түркі жұртының басына былғақ туған шақта, оның құрамындағы тайпа мен рулардың өзі әр хандықтың желеуінде кетті. Тек ислами ұстанымды берік тұтынғандар өздерін: «Мен дінқарындастағы түрікмін» – дегенді берік

ұстанып қалды. Ол: «Қазақ пен ноғай айырылды, қанатынан қайырылды», «Өзбек – өз ағам», «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – алаш» – деген ортақ ұранды ұстанушылар үшін «біз түрікпіз» деген намысты сөздің ұлы аңсар ретіндегі бастапқы мағынасының әлі де жойылмаған кезі. Оның үстіне «дін қарындас түрікмін» – «Сенімен діні ортақ қандас түрікмін» деген сөздің санаңды үйіріп әкететін шағымды шағы. Сол тұста барлық хандыққа ортақ туыстықтың ұраны сияқты болған «түрікмін» деген атау – олардың ортақ туыс екеніне, діні бір екеніне кепілдік беретін. «Түрікмін» деген сөз – атасы басқалардың да басын қосқан дербес бір үрім ретінде сыпат береді.

Сол тұста қалыптасқан «түрікмін» деген ұғымды үрімдік тек ретінде ұстап қалған құрамалар, жоғарыда аты аталған ұлттардың барлығының құрамында қазірге дейін бар. Қазақ ішінде бұл, тіпті, кең тараған, негізгі рулардың барлығында да «түрікмен» тармағы кездеседі. Марқұм, Ғабит Мүсіреповтің де керейдің ішіндегі «түрікмен» (өзінің жазуынша «түрікпен») аталуы да соның сарқыны. Құрбанғали Халидидің: «Түрікмен бабаның келіп шығу тегі туралы хикаяттарды сәби уақытымнан бері естіп келемін. Балиғатымды сұрап, анықтаған соң білгенім қадарлы жинап, жазып бір үтір қойдым. Әулетімізге бір жәдігер болып қалсын, әсілі-фәслі кім екенімізді біліп, бір-біріне жәрдемі тиер деген үміттемін. Енді (яғни) бұл тарапқа келіп тұрып қалған Түрікмен бабамыздан бізге қалған (жеткен) дерек аз-дүр. Әсілі отанымыз болған Сырда бойында кімдер бар, кімдер жоқ, ол жағы бізге мағлұм болмағандықтан да, ол туралы жіберілген кемшіліктерді ғафу бұйырарсыздар (етерсіздер). Үйімізде әулеттеріміз білген (ұстаған) заттар бар-дүр. Бізде қамтылмай қалған жайларды, басқа қымбаттыларымыз (туғандарымыз, оқымыстыларымыз) бір кітап қылып жазып қалдырса, соның барлығы қосылып келгенде, нәсіл-нәсібімізді ыждаһат ететін әулетімізге пайдасы тиетін қайырлы іс болар еді» [13.7-8] – деген пікірі соның бір дәлелі іспетті. Әрине, ата шежіресін өзі таратып кеткенде, біз бұлай жорамалдай емеуірін танытпаған болар едік. Оған амал қайсы. Дегенмен де, біз тұспалдаған емеуірінде де тарихи шындықтың суыртпағы жатқанын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Сонымен, Құрбанғали Халидұлының арғы тегі ноғай мырзаларының әулетінен болып шықты. Ал ноғай мен қазақ халқының тегі де, тектік құрамы да – бір [27. 162 б.], Асан қайғы, Едіге, Шалкиіз, Қазтуған, Доспанбет бастатқан марқасқалардың осы екі елге тел екенін ескерсек, Құрбанғали Халидидің де тегін ажырату қиынға соқпайды, қайта қисынға дәл келеді. Былғақ кезеңде өмір сүрген Түрікмен баба да сол кездегі хан-талапайдың тұсында бастарына төнген қатерден бас сауғалайды. Бір атадан тарайтын, бір түменнің шебінде майданға аттанған арғын, найман, қоңырат, қыпшық, керей, жалайыр, катаған, қаңлы, уақ, шанышқылы, алшын, дулат, жаппас тайпаларының өзі әр тудың астына шашырап кеткенін ескерсек (өзбек, қазақ, ноғай, татар, башқұрт, түрікмен, қырымшақ т.б.), ноғай мырзаларының да әлекейден ауа көшкені түсінікті. Сол тұста, яғни, қазақ пен жоңғар шапқыншылығы кезінде төрелердің дәурені өтіп, Хиуаға – қоңыраттардың бір табы маңғыттардан құралған – «Маңғытия әулеті», Қоқанға – Нарбота би бастатқан қыпшақтар мен наймандардың көшпелі хандығы орнады. Бұл аласапыранның қантөгісі мен арандатуы – бұрынғы Жошы мен Шағатай ұлысын қызыл қырғынға ұшыратып, барған сайын сыйыр бүйректендіріп, бөлшектей берді. Оған жоңғар шапқыншылығы қосылған соң маң дала соғыс майданына айналды.

Міне, осы кезде дін амандығын көздеген Түрікмен баба тұқымдары солтүстікке қарай, яғни, біршама тыныш Қазан хандығына қоныс аударады. Бұл туралы Құрбанғали Халидидің өзі жазған «Жәдігерде»: «Түрікмен бабаның нәсілі – Хиуа ханзадаларынан» деп көрсетіледі, 1 100 нижра жылында (1689) хандардан ықтияр кетіп, билік қазақтың қоңырат тайпасының (Маңғытия хандығының) қолына өтеді. Солардың қатылынан қауіптеніп, ханзадалардың әр қайсысы әр тарапқа кетеді. Түрікмен баба бір інісін ертіп Бұқараға барады. Тауар алып, саудагерлердің керуеніне ілесіп «Қазан атырабындағы» (атырабындағы, Ресей мемлекетіндегі – деген мағына береді), Сырда (Шырда) атты ауылға қоныстанады. Сонда үйленеді. Сол елге боз ат мініп келгендіктен де, «Боз атты»

атанады. «Бозаттының» есімін анық білмегендіктен де, оны «Түрікмен аға» деп атап кеткен. Екінші біреулер оны: «Ақай аға» деп те атаған-мыс [13.8]. Шын ныспысы анық белгісіз осы Түрікмен (Бозатты, Бозат, Ақай) бабадан – Бекбау, Қадырқұл, Баймұрат есімді үш ұл туады. Қадырқұл мен Бекбау – Қазан уезіне қарасты Урнаш-башы деген қыстаққа орын басады. Баймұрат Сырда (Шырда) қалады. Түрікмен жүзге қараған жасында Баймұраттың қолында дүниеден өткен. «Қабірі бертінге дейін белгілі болған». Қамай деген лақап атымен машһүр Қадырқұлдан – Тәңірберді – Тәңкәй атты ұл, Ғайшабике атты қыз тарайды. Бекбаудан – Мелібай (Меңлібай-?); одан – Ғұсман; одан – Бекқұл, Мінәсіп; Бекқұлдың Халима атты бәйбішесінен – Халид. Бекқұл 1830 жылы дүниеден озған. Ал ұрпақтары түзген шежіре бойынша былай кестеленеді: Токман бабай (1642), Бекбау (1675), Меңлібай (1700), Ғұсыман (1720), Бекқұл (1750), Халид (1780).

Құрбанғали Халидидің өзі (бұдан кейінгі естеліктен және «Тауарих-и хамса-и шаркидан» алынған үзінділер осы аударылымдағы мәтін бойынша мазмұндалып берілді – Т.Ж.): «Марқұм әкеміз Абылайхан өлген соң, Әбілфайыз хан билеген тұста қазақ арасына келген. Сондықтан да, қазақ халқының Ресейге бағынбай тұрғандағы тарихын, Түркістан мен Ферғана хандарының арасындағы оқиғаларды, уәлилер мен бектердің жағдайларын жақсы білетін және оны маған ұзақ-ұзақ хикая есебіне әңгімелеп беруді ұнататын. Сол естігендеріміздің ішіндегі есімізде қалған хикаяларды осы тарихымызға пайдаландық [27. 62 б.]. Атамыз Халид 17 жасында Семей өңіріне келіпті, содан кейін қазақ ішін аралап, саудамен шұғылданған. Ара-арасында Түркістан мен Ташкентке де қатынап тұрған» – деген [13.14-15] мағлұмат береді.

Жалпы, «ноғайлардың қазақ ішіне келуі милади бойынша 1800-жылдан кейін болса керек. Алғашқы қоныстанушылардың қатарындағы Масайд абин Абдул-мумин Отари, Уәлишах Қашқари, Исмайыл және Жамида Миндуши, Шамсиддин, Бекшентай, Жасан Урнашбасы, Хабибулла Сапбасы және Халид сияқты жігіттер қазақ ішінде байып, бас құрап, Түркістан мен Ташкентке саудамен жүріп тұрған. Қазақ қыздарына үйленіп, өсіп-өнгендер «шала қазақ» деп аталады. Құрбанғали өзінің әкесі Халид дегдардың: «Сонымен, бұрыннан ел ішінде жүрген, жаңадан келген, қолында паспорты жоқ ноғайлардың барлығы Аягөз дуанына келіп, «шала қазақпыз» деп тізімге алынды. Сөйтіп таза ноғайларымыз да «шала қазақ» атағын алды. Менің де «шала қазақ» болып қалуым әкеміңнің өзін «шала қазақ» деп тіркеткенінен болған... Найман болып, семіз найман болысы Шынтыбайдың (Шыныбай, Шыбынтай -?) қол астына жазылдым. Келесі жазда Ташкентке кетіп, 1842 жылы қайтып Аягөзге келдім» – деген естелігін жаза келіп: «Бабаларымыз әскери міндеттен қашып мұнда келді. Қазақ ұлықтарына жағымсып, орыс ұлықтарына ақша беріп жүріп мың бір пәледен құтылды. Ақыры қазақ болып жазылып, жеке басы азаттыққа жетті» – деп [8.248-251] баяндайды.

Халид Бекқұлұлының ел ішіндегі саудасы жанып, бакуатты деңгейге көтеріледі. Найман ханы Әбілфайыздың дәрегейінде жүргеніне қарағанда, ол қазақ арасында тәп-тәуір беделге ие болса керек. Халидтың жас кезінде: «Әбілфайыз ханның ұлы Бопы төренің асында ат бәйгесіне қатысып, бас бәйгені жеңіп алғаны» қақындағы «Жәдігердегі» дерек соған дәлел [13.9]. «Қазақ Ресейге бодан боп кірген соң, халық «әділеттің қайнар көзі» деп атаған Мұғадділ (Мәделі) ханның (әділ, шыншыл) тұсында хазірет Қибла Һамза деген адам: «Қазақ халқы Ресейдің қол астына өтті. Енді ислам еліне көшу – уәжіп» – деп қазақ ішінде жүрген саудагер ноғайларды үгіттеп көндіріп, Ташкентке көшеді. Салар өзенінің бойынан жер-су алады, бау бақша салады. Онда барған соң Халид діни ғылымға ерекше ден қояды. Ташкенттегі Ишанхан, Төрехан атты атақты дамоллалардың алдынан өтіп, оқымысты атанады. Сол жерде сегіз жыл тұрады. Алайда хандардың жиі ауысатын былғақ кезеңіне тап келеді. Түрлі сарай, тақ тартыстарының зардабын басынан кешіреді, бірнеше рет өлім қаупі төнеді.

Әкесі Халид айтып берген тарихи оқиғаны Құрбанғали өзінің қолжазбасында: «Марқұм әкеміз осы талан-тараждың ішінде жүріп, ауыртпалықты көрген адам. Болған оқиғаларды жеке-жеке хикая етіп баяндап, арасында күрсініп қоятын еді... Елшінің келіп-

кеткені жайлы сөз қозғалғанда Молла Ғұбай былай депті: «Бұл елдің билеушісі де, қызметшісі де елді билеуді білмейді. Қарағай сияқты қалың қазақ қолмен келіп, талан-тараж жасады. Қолынан іс келмейтін ақымақты осында әкім етіп қойды. «Осымен шаруа аяқталды» – деп ойлап, өзі Бұхараға қайтып кетті. Ол кеткелі де бірталай уақыт өтті. Артымда: «Жұртым бар еді, халқым бар еді» – деп бұл аймаққа назарын салған жоқ. Мына надан аталықтан бізге көмек бола ма, болмай ма? Ол бізді дұшпаннан қорғай ма, қорғамай ма? Келген елшіге ойланбастан қатал жауап қайтарып, оларды өкпелетіп жіберді. Енді Шерәлі хан қалың қол-әскерімен осында келеді. Өмірдің жасаған жауыздықтары қоқандықтардың есінен әлі ұмытылған жоқ еді. Олар жандарын аямай, бар қуат-күшін салып соғысады. Ташкенттіктердің де бар көңілдері солар жақта. Бұл бейшара кімге сеніп батылдық танытты екен?», – дегенде, мен де оған қосылып, бір-екі сөз айттым...» – дейді. Одан әрі баяндаған оқиғаның желісі былай (оқиға сілемі ұзақ, бірақ сол тұстағы тарихи жағдайды және Халидтің басынан кешкен тауқыметті, оның қайыра қазақ даласына оралуының себебі баяндалатындықтан да, толық мазмұндап беруді құп санадық):

Өлгі сөз Аталықтың құлағына жетеді. Келесі күні ертемен жасауылдар келіп, Молла Ғұбайды абақтыға қамайды. Аузына қорғасын құяды деседі. Ноғайлар мен сарттардың ішінен бірнеше қадірлі адамдар жиналып, Аталыққа барып, оған тарту жасап, кешірім сұрап, алдап-арбап, молланы қайтарып алады. Көп уақыт өтпей, Аталық жарлық жариялап, қазақ тайпаларының ішіндегі қайсарлығымен танымал Шанышқылы руының елі мен ауылының басын қосып, қаланың жанына көшіреді. Ұлықтарына сарпа (бағалы шапан) беріп, батырларына көлік (ат), қару-жарақ сыйға тартып, күллі шаһар халқын қыл-құйрық етіп шығарады.

Аталықтың бұйрығымен саудагерлерге, қасапшыларға, наубайшыларға қосылып ноғайлар да атқа қонады. Атына мініп, қылышын, тапаншаларын беліне асынады. Алайда, бұрыннан астыртын сөз байласқан Аталықтың өзі таң ата бәрінің алдына түсіп, қос, шатыр, зеңбірек, азық-түлік, мал-мүліктің барлығын қалдырып: «Ташкент қайдасың?» – деп тартып отырады. Жол бойы кездескен әйел, бала-шаға, шал-кемпірлер аттың астында қалып, езіліп жатады, бірсыпырасы жараланады, көбісі жан тапсырады. Үйін жаһаттаған тонаушылардан амалын тауып қашып құтылған Халид көпес, көпірдің астын паналап жан сауғалайды. Келесі күні жаршылар «Аман-аман, заман-заман Шерәлі хан», – деп көше бойын аралап жүрді. Талан-тараждан кейін ноғайлар бір-бірін іздеп табады. Мал-жандары мен тұтқындарын қайтарып алады.

Сөйтіп, рух бостандығын іздеген Халид Ташкенттен опа таппай, Шерғали ханмен бірге қазақ даласына, соның ішінде Аягөз еліндегі Әбілфайыз ханның дәрегейіне қайта көшеді. Кейіннен әкесінің бір досы жоғарыда айтылған Салар бойындағы ғимараттарды сатып, ақшасын жібереді. Енді тұрақты түрде қоныстанады. Әкесі Халидтің тауқыметті тағдырын түйіндей келіп, Құрбанғали оның кейінгі бақуатты өмірі туралы: «Ақыры ноғайлардың көбі қайтып қазақ жеріне келеді. Біздің атамыз да сол оқиғаның ішінде болды, бір әйелі сонда өлді, екіншісін сонда тастап (ажырасып), Аягөз жеріне келіп, мұнда (біздің) құрметті анамызға үйленген екен. Пақырыңыз сол жерде, яғни, Аягөз бойында дүниеге келген» – деп баяндайды.

Халид қария да қазақ дегдарларымен де еркін араласады. Дулат жырау, Құнанбай, Барақ төре сияқты ел ағаларымен етене жүреді. Оның Құрбанғалиға: «Аягөз дуанына уезной мекеме ашылып, орыс оязға қазақ көмекші белгіленген кезде, Аягөзде ондай көмекші Құнанбай Өскенбайұлы болғанын» айтып беруі соны растайды. Сонымен қатар, Құнанбайдың Аягөздегі аса бір тауқыметті әрі оның тіршілік тартысынан бас тартып, тәубемен тақуалық кешіп кетуіне себепші болған оқиғаға қатысты бұрын белгісіз болып келген жайдан хабардар етеді. «Құсбек алынған соң орынына тобықты Құнанбай мырза Өскенбайұлы 1849, яки, 1951 жылы аға сұлтандыққа сайланды. Мұнан бұрынғы аға сұлтандар «болар-кетер» болып өткен болса, бұл сайланысымен, сол жылы-ақ мешіт салдырып, құрбандық шалып, оны ресми түрде ашты. Оның тәуір-ақ әділеттілігі мен жомарттығы да бар еді, алайда кешікпей жақындарымен бір дау-шараға килігіп, қақтығыс

болып, 1855 жылдары орынынан түсті... Құнанбай орынынан алынған соң, тобықтының көбі Семейге қарап кетті...» [6.164] – деген мағлұматты беру оның ел ісіне етене араласқанын байқатады.

Халид Бекқұлұлы Аягөзге келген соң үш некелі болады. Бәйбішесі – төлеңгіт қызы, екінші қосағы – тобықтының қызы екен. Әрине, тобықтыдан қыз алуына Халид пен Құнанбайдың арасындағы жарастық та себепші болса керек. Бұл екеуінен бес ұл, үш қыз дүниеге келеді. Бірақта олардың барлығы да жастайынан шетінеп кетеді. Үшінші рет некелескен семіз найман қызы Ғафифадан тағы да бес ұл, үш қыз көріпті. Құрбанғали осы Ғафифадан туған ұлдардың төлбасы. «1846 жылы қараша айында, құрбан айтта дүниеге келгендіктен атымызды Құрбанғали қойыпты» – деп жазады өзінің дүниеге келген орайы туралы. Екінші бауыры Мұхамедғали – 1849 жылы наурыз айында, кенже бауыры Мұхамедшаһ – 1869 жылы сәуір айында дүние есігін ашқан. Өзінің туған жылы мен айын нақты атап көрсеткендіктен де, «Тауарих-и хамса-и шарқидың» Қазан басылымымен ерте танысқан және ауызша дерек жинап бастырған ғалымдар мен деректанушылардың Құрбанғалиды 1843, 1850 жылы дүние есігін ашты деген мағлұматтарын жаңсақтыққа балаймыз және оған тоқталып жатпаймыз [3,4, 6, 15,16].

Құрбанғалидың мағлұматы бойынша: Халид Бекқұлұлы «Аягөз өлкесінде отыз жылға жақын тұрып, кейін Бақты бекетіне қоныс аударады. Хиджра бойынша 1257 (1879) жылы қажылыққа барып, Стамбұлда «дін мырзасы сұлтан Әбділхамид хан хазіреттің сұлу жүзін көріп, оған дұға қылған». Қажылықтан қайтқаннан кейін жеті жылдай өмір сүріп, 1264 (1886) жылы рамазан айында жасы жүзден асып, Шәуешек қаласында дүние салған». Ал ұрпақ шежіресінде: «Халид қажының 5 ұл, 3 қызы болған. Екі ұлы ертерек опат болған. 1. Құрбанғали (1846-1913), 2. Мұхамедғали (1849-?), ханымы Файза 3. Мұхаммедшаһ (1869-31.08.1907, Шәуешек), ханымы Хадиче, қыздары – Бибихадиче, 5. Бибижамал, 6. Бәдиғ Әл-жамал» – деп [13.14, 206, 216] көрсетілген.

Құрбанғалидың тарихқа құмарлығы бала кезінен басталса керек. Өйткені, Ферғана қолтығындағы Қоқан, Хиуа, Бұқар хандықтарының, Шығыс Түркістан мен Ташкент бектерінің аласапыран тарихын көзімен көрген Халид қария, ол тарихты баласына жүйелі түрде әңгімелеп беріп отырғандығы «Тауарих-и хамса-и шарқида» бірнеше жерде айтылады. Бұрынғы ата-бабаларының тегін тектегенде олардың аты аталған тұста Халид қария «оқыған», «сауатты» деп белгі қойдыртып отырған. Бұған қарағанда, Құрбанғали тарихты тек Халид қажының баяндауы арқылы ғана біліп қоймай, арғы тегіндегі оқымысты бабаларынан қалған ескі жәдігерлердегі мәліметтерді де, соған қоса, солардың айтуы бойынша Халид қажының жадында қатталған деректерді де жастайынан зердесіне тоқып өскені байқалады. Халид қажының қазақ арасын көп аралап, олардың шежіресін қағыстыра жүріп, ұлына түсіндіруі де септігін тигізгені анық. Бұл Құрбанғалидың тарихи ойлау жүйесінің қалыптасуына, оған сыни көзбен қарап, көне тарихнамалар мен жазбаларды жарыстыра салыстырып, ашық түрде пікір білдіріп, сеніммен тұжырым жасауға негіз қалады.

Құрбанғали алғашында, Аягөздегі қызылжарлық көпес Мұртаза Мақсұтов салдырған медреседе молда Мұхаммед Салық хазіреттен 5-6 жыл шәкірттік дәріс үйренеді, бұл: сол тұстағы орта деңгейдегі мөлшерде білім алды, яғни, араб, парсы, ежелгі түркі (шағатай) тілдерін меңгеріп шықты, «Құран» мен «Хадиске» түсіндірме бере алады, имамдық дәрежедегі сауаты бар – деген сөз. Осыдан кейін Абаймен қатарлас кезеңде ұлы ақын білім алған Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқып, дін ғұламасы Камаридден (Камалидден) хазіреттен тәлім алады. Ал Камаридден хазірет болса өз заманының ұлы дін реформаторы, мұқым ислам әлемінің озық ғұламасы Шаһабуддин Маржанидің алғашқы лектегі шәкірті болатын. Исламият танымындағы жадидтік бағытты орнықтырған оқымыстының білімі ісі мұсылман дүниесіне өзгеріс әкелді. Абай мен Құрбанғалидың жастары тетелес әрі сол жылдары үш мәрте болыстық міндетін атқарған Абай Аягөзге жиі келіп тұрған. Бірнеше рет Омбыда кадет корпусында оқитын інісі Халиоллаға Аягөз почтасынан жолдаған хаттары бар. Демек, медреселес әрі қоныстары алпыс-жетпіс

шақырымдай ғана қапталдас, жайлаулары ортақ, елі аралас-құралас шәкірттердің қалайда бір-бірінен бейтаныс қалуы неғайбыл.

Ұлы шығыс ғұламасы, мұсылман дүниесі мен Еуропа әлемі мойындаған Шаһабуддин Маржанидің усул-жадид танымындағы іліми мектебінің түлегі Құрбанғали да өз заманының озық ойлы дін зиялысы болып, көзқарасы усул-жадид ағымында қалыптасты. Бұл медреседе, қадыми-ислами бағыттағы медреселерде қатаң тиым салынған математика, адамзаттың даму тарихы, логика (мантиқ), астрономия, жаратылыстану сияқты пәндер оқылды, араб, парсы, көне түркі (шағатай), түрік тілдерін үйренді. Медресені тәмәмдарда мұриттер – араб, парсы поэзиясын талдап, сол тілде өлең, шығарма жазып, емтихан тапсыратын. Тіпті, медресені бітірген соң орыс тілінен де үш айлық – Әліпбиді тану деңгейіндегі қысқа курс өтілетін. Құрбанғали медресені тәмамдаған соң Камариддин хазіреттің көмекші мұриті ретінде дәріс береді. Оның мұндай ықыласқа бөленуі ғылым мен білімге деген ерекше ынтасынан туса керек. Алайда оның мұриттік қызметі ұзаққа созылмапты. Оның басты бір себебі, сол тұста усул-жадид ағымынан сескенген, қадыми бағытты қатаң ұстанған Семейдегі 15 мешіт пен медресенің имамдары: «Камаридден хазіреттің ұстанған жолы исламға да, патша ағзамның ұстанған дін саясатына да қарсы», – деп оязға арыз жазып, оны медреседен шеттетеді, сөйтіп, ол сол тұста енді бой көтеріп келе жатқан Баянауылға барып, сондағы шағын медресеге дәріс оқиды. Машһүр Жүсіп – осы Камариддин хазіреттің Баянауылдағы алғашқы шәкірті болып есептеледі.

Семейдегі «Ақ шіркеуде» қазақтарды христиан дініне қарату туралы исі православие дінінің әулие әкейімен болған 1897 жылғы пікірталаста осы Камариддин хазіреттің кеңесімен Абай сөз ұстап, оларды райынан қайтарған. Абайға, Машһүр Жүсіпке, Құрбанғали Халидиге ғылым жолын үйреткен Камариддин хазіреттің медресесінен кейінгі кезеңдерде тәлім алған, кеңес өкіметі тұсында еуропалық білімін жалғастырған Қаныш Сәтбаев бастатқан 24 академиктің тәрбиеленіп шыққанын ескерсек, ұстаз бен оның шәкірттерінің білім деңгейінің қандай биік деңгейде болғандығын байқауға болады. Зады, ұстазы Семей медресесінен шеттетілген кезде Құрбанғали да Аягөзге қайтып оралып, медресеге дәріс беруге рұқсат етілмегендіктен де, сауда қамымен айналысса керек. Қазақ арасын жиі аралап, шежірелер жинайды. «Аягөз туған жеріміз, Найман өскен еліміз» – деп [14. 158] өзі жазғанындай, ел ішінде еркін жүрсе керек. Әсіресе, Қоқан хандығы мен Шығыс Түркістанның дін ықпалына қарасты Лепсі уәлаятына, соның ішінде семіз найман еліне ерекше бауыр басады. Ақыры сол семіз найманның ішіндегі Ханшайым атты қызға үйленіп, немересі Исламия Халитова айтқандай, «қазағуар отбасына» айналады.

Оқымыстының мұрасын алғашқы зерттеушілердің бірі Ж.Қармышеваның жазғанындай: «Алғыр да білімге құштар Құрбанғалидың қазақтармен, ұйғырлармен және басқа да халықтармен араласуы, осы халықтардың өмір сүру салты мен тарихы жөнінде әр түрлі мәліметтерді жүйелі түрде жинақтау қажеттігі туралы ұсыныстары ойға қалдырады. Ол қазақ ауылдары мен осы өлкенің қалаларына жиі барып тұрған, ал кейіннен дерек жинау үшін арнайы сапарға шығып, барған жерлерінде қоғамдық-әлеуметтік өмірді және халықтың тұрмысын зерттеп, білгір адамдармен танысып отырды. Қазақтардың тілін, салтын, мінез-құлқын білуі, өзі кездескен түрлі ортадағы адамдардың тілін таба білуі Қ.Халидидің тез арада жергілікті халықтың сеніміне ие болуына көп ықпал етті. Жазба деректері жоқ халықтардың шежірелері мен ауызекі тарихи мәліметтерін жинақтауға және өңдеуге үлкен жауапкершілікпен қарап, ондағы мәліметтерді басқа тәсілдермен жинақталған материалдармен салыстыра тексеріп отыруды қажет деп табады» [3.14].

Жоғарыда атап өткеніміздей және А. Янушкевичтің жазып қалдырғанындай [21], сонау Адам-атадан бастап өзі басқарып отырған елдің тарихын жатқа білетін сол заманның аға сұлтандары мен қажылары Барақ Солтабайұлы мен Құнанбай Өскенбайұлынан, «зар заман әдебиетінің» ту ұстар көсемі Дулат жыраудан, жыршы «Асан қайғының сөздерін жақсы білетін, ойын-тойларда айтып, таратып, түсіндіріп жүретін»

Құдабай [4] мен Жанақ ақыннан, қарқаралық оқымысты Жолдасбай (Юлдашбай) Жауһаридан қазақ тарихына қатысты мағлұматтар мен шежірелік деректер, жағырафиялық анықтамалар жинастырады. «Өзін қызықтырған мәселелер бойынша жеке адамдар жіберген жазбаша мәліметтерді пайдаланады. Мәселен, Қарқаралы қаласының тұрғыны, молла Юлдашбай Жауһари (бұқаралық) оған Қарқаралы аймағы мен қаласының жағырафиялық жағдайына, экономикасы мен тарихына қатысты жасаған анықтамасын жібереді. Құрбанғали осы мәліметтерді Орталық Қазақстанның гипсометриялық ерекшелігін сипаттауға және «Арқа» атауының пайда болуын түсіндіруге пайдаланады» [14]. Құнанбай Өскенбайұлының өмірі мен қайраткерлігі, Шоқан Уәлихановтың Қашқарияға сапары, Қоянды жәрмеңкесі, Асан қайғының тегі мен тәмсілдері, Бұқар жырау мен Ақтанберді жыраудың, Дулат жыраудың, Жанақ ақынның, Құдабай ақынның толғаулары туралы деректерді хатқа түсіріп, қатирасына жазып алады.

Бұл деректерді араб, парсы, исі түркі тектес тарихшылардың және еуропалық ғалымдардың еңбектерімен салыстыра отырып, өзінің пайымдаулары мен пікірлері арқылы тұжырымдайды. В.В.Радлов, А.Вамбери, Н.Ф.Катанов сияқты Ресей тауарихиттанушыларының пікірлеріне сыни тұрғыдан талдау жа сайды, Балкашин, Беринман, Шишемиров, Федотов сияқты шенеуніктермен, зиялы көпестермен араласады. Ол өзінің әйгілі түркітанушы, фольклортанушы Н.Ф.Катановпен кездесуін айта келіп: «Жоғарыда, Дөрбілжін туралы тарауда Катановқа сүйене отырып, Губалық – Үрімжі, ал Баласағұн – Қашқар деп жазған едім. Катановтың тарихи және география ғылымы саласындағы білімін сыйлағаныммен, мен осы деректерді оның саяхатшы мырзалардың мәліметтеріне сүйене отырып айтқанын, тура және нақты мәліметтерді бере алмағанын түсіндім. Ол кезде менің қолымда оның болжамдарына қарсы қоятын деректер жоқ еді, сондықтан да дұрыс-бұрыстығын айтпай, үндемеуге мәжбүр болдым. Міне, тек енді ғана шындықты жазуға мүмкіндік алдым» [14] – дейді.

Ресей империясы мен Қытай империясының арасындағы шекара 1850 жылдары белгіленіп, Шәуешек қаласы мәмілегерлік шаһар міндетін атқарады. Ал 1864 жылы бұл шекара барынша нақтыланып, екіжақты шартқа қол қойылады. Енді Бақты кедені екі жаққа да қолайлы кеден бекетіне айналады. Діни оқымыстылық пен көпестікті теңдей үйлестірген Халид қажы, сауданың орайына қарай, Құрбанғали жиырма сегіз жасқа шыққанда Бақты кеденіне қоныс аударады. Бұл, 1872 жылға тура келеді. Оған дейін екі жыл, яғни, 1870 жылы Лепсі қамалына имам болғаны туралы «Тауарих-и хамса-и шарқида» жазылған. Бақты мен Шәуешек қаласының арасы 12 шақырым әрі Ресей консулдігі де сонда ашылады. Сондықтан да, әкелі-балалы оқымыстылар 1873-1874 жылдың аралығында мешіті мен медресесі бар, әрі Ресейдің де ықпалы зор Шәуешек шаһарына біржолата тұрақтап қалады. Ал 1874 жылы «Аяғөздік Хұсниддин қажының шақыртуымен Шәуешек қаласының мешітіне» имам болып сайланады. Бұл қызметті ол қашан дүниеден озғанша, яғни, 1913 жылдың наурыз айының 14-жұлдызына дейін атқарған.

Орысша сауатының арқасында Ресей консулы, арғы атасы шоқынған ноғай Балкашинмен екеуінің арасында сыйластық қарым-қатынас орнайды. Соның барысында 1881 жылы консуль мен жергілікті халықтармен арадағы байланысты нығайтатын және даулы мәселелерді шешетін кеңесші болып бекітіледі. Сөйтіп, 1881 жылдан бастап 1913 жылы дүниеден қайтқанша мұсылман қауымының қазисы (би, сот) міндетін қоса атқарады. Ол туралы құжаттық деректер ұрпақтарының жеке мұрағатында сақталған. Құрбанғали Халидидің өзі жазбаларында: «Балкашин консул болып келген соң, бар жұмыс шарифат бойынша шешілді, тіпті, мұсылмандармен даулы істері бар орыс, қытайлар да бізге келіп, үкімімізге риза болатын. Қай жерде қай халық көп болса, солардың назарын тарту, салтына құрмет көрсету үшін дініне, мінез-құлқына қарай іс шешу – орайластыра әрекет етудің саяси амалы еді. Бұл жерде мұсылмандар көп болғандықтан, консулдың шарифатқа мән беріп жатқандығын түсінбеген біреулер: Балкашиннің тегі мұсылман болар – деп те жүрді (Бұған Балкашиннің бірде мұсылманша киініп, басына сәлде орап шығып: Біздің

арғы бабамыз осыдан үш жүз жыл бұрын дәл осылай киінген шығар – деп өзінің тегі шоқынған ноғай мырзаларынан екендігін емеуірін еткені туралы ел арасындағы сөз себеп болуы да мүмкін – Т.Ж.). Балкашин өз дініне табанды, патшалыққа еңбегі сіңген адал, саясат, тарих және өзге ғылымдардан хабардар, дипломат адам еді. Сұрау сұраса – түптеп сұрайтын, жауап берсе – негізімен жауап беретін. Ол кейде, тіпті, бізбен діни мәселелер туралы да терең талқылар жасайтын, «Құран-кәрім», «Таураттан» үзінділер келтіріп сөйлейтін. 1883 милади жылы Балкашин біраз даулы жұмыстарды маған, өзге істерді менен басқа үш адамға тапсырып, өзі Петерборға аттанды... Балкашин Петерборға соңғы рет барып келгенінде, маған бір қобдишаға салынған тарту әкеп берді, ол бір кезде Самарқаннан алып кеткен «Құран-кәрімнің» бір бөлімі екен. Аяқ астынан осыншама құнды заттың иесі болып қалғаныма, енді бір жақтан жоғары жіктегі атақты кісінің Петербордай үлкен жерден мені еске алып әкелгендігіне шын ықыласыммен рахмет айттым» – деп [8.232] жазуы олардың арасындағы сыйластықтың жоғары деңгейде болғандығын дәлелдейді.

Бұл естеліктің астарына үңілсек, тарихи деректер мен шежірелік мағлұматтар сол жылдары жүйеленіп, реттеле бастаған, яғни, «Таурих-и хамса-и шарқидың» алғашқы деректері осы тұста, Құрбанғалидың өзі отыз жасқа толғанда жинақталып, қағазға түскен. Сонымен қатар Ресей саяхатшылары мен жаһангерлерінің жазбалары оны Шығыс Түркістанның тарихы туралы терең зерттеуге, барынша етене білуге ұмтылдырған. Сондай бір құштарлықтың нәтижесінде 1885 жылы Шәуешектен Шығыс Түркістанның алты шаһарына ғылыми сапармен аттанған. Сапар барысын жазылған «Тарих-и жариди-и жадида» – «Жаңа тарих жазбаларында»: «жолда кездескен елді-мекендерге, олардың төңірегіне қысқаша географиялық және тарихи сипаттама жасап, тұрғындардың шаруашылығын суреттейді, сонымен бірге жеке топонимдер мен жергілікті терминдерге түсінік береді. Мазар, мешіт, басқа да «қасиетті» орындар саналатын сәулет құрылыстары мен ескерткіштеріне, сондай-ақ, жергілікті діни оқымыстылардың ауызынан естіген немесе мазар шырақшылары мен дінбасылары авторға пайдалануға берген деректер мен ескі кітаптардан жинақтаған әулиелердің өмірбаяндарына ерекше көңіл бөлген... Кітаптың алғысөзінде Құрбанғали Алтышәрдің халқы ислам дінін қабылдағалы бері ұдайы шапқыншылықты, есепсіз бүліктерді, соғыстарды, басқа да қиындықтарды бастан кешіргендіктен, өз елінің тарихын біле бермейтіндігін айтады. Турфан қаласы (ежелгі ЯрғұлЖарғұл қаласы – Т.Ж.) өткен заманда сұлтандардың астанасы болғандығын, одан тарихшылар мен жылнамашылардың шыққанын, жер асты кітапханасының шапқыншылық тұсында жойылғанын» баяндайды [14]. Бұл кітаптың шығу тарихы туралы Құрбанғали Халидидің өзі: «Мен қажыға кетпей тұрып «Тарих-и жариди-и жадида» атты бір кітапша жазып, түмендік (Тюмень) қажы Нифматулла мырзаға аманат етіп кетіп едім. Ол кісі оны қазандық Шамсуддин мырзаға беріпті, Шамсуддин мырза оны баспадан шығарыпты» [8.350] – деп жазады «Таурих-и хамсада». Жалпы бұл кітапшаның тілі «Таурих-и хамсаға» карағанда жеңіл, кітаби тілдің үлгісінде және Маржанидің тарихи-анықтамалық баяндау мәнерінде жазылған. «Бес тарихта» бұл кітапшаға әр жерде сілтеме жасалып отырады. Мұндағы мағлұматтар қазір де өзінің ғылыми маңызын жойған жоқ.

Құрбанғали Халидидің шарифі ілімді терең игеруі, сонымен қатар араб, парсы, түркі тілдерінің барлығын еркін меңгеруі және орысша хат тануы оның мұсылмандық-рухани, оқымыстылық-ғылыми жолын Мекке-Мәдинаға, қажылық парызын өтеуге бастауы табиғи ұмтылыс болып табылады. Ол «Рамазанның 25 күні, сенбіде, милади 1897 жылы ақпанның 26 жұлдызы, сенбі күні – қажы Рамазан, қажы Ильхам Ташкенди үшеуіміз қажыға сапарға шығып, ... бейсенбі намазын Семейде, 28 күні жұма намазын Омбының мешітінде оқыдық. Осы күні ... поезға отырдық, бұл 6 наурыз, бейсенбі, шәууәлдің 14 күні еді» – деп бастайды өзінің «Саяхатнамасын». Бұдан кейін Смоленскі, наурыздың 15 жұлдызында Варшава шаһарына келеді. Сонда шетелдік паспортын алады. «Жүрер кезде жолсерігі Ташкенди ауырып, Варшавада толық бір ай аялдап қалады». Бұл



аялдау олардың бір жылға есептеген жол уақытын екі жылға ұзартады. Олар Варшаваны емін-еркін аралайды. «Саяхатнамадағы» ең ұзақ тарау да осы шаһарға арналған.

Сонымен қатар мағлұмат алысқан оқымыстылардың пікірлері мен жергілікті халықтың тағдыр-тарихын да ұмыт қалдырмайды. Мысалы, Варшава қаласындағы ескерткіштер қақында: «Варшаваны ең соңғы рет бойсындырған граф (пан) Пашкевич деген генералға арнап қойылған мүсін бар екен. Үлкен көше бойында, шойыннан құйып, іргетасын биік етіп қалапты. Ал сол көшенің басында Николай Кифрик, ислам жағырафиясы бойынша Николай Коперник деп жазған адамға да ескерткіш орнатылыпты. Алдына жер шарының сұлбасы бедерленген. Ол жерді (күнді) айналатынын дәлелдепті. Бұл кісі 1572 жылы өлген екен. Оны дінбасылары өлтіреміз деген кезде, қорыққанынан шіркеуге кіріп тәубе етіпті. Сонда да (жердің күнді айналатынына) сенген. Ақиқаттың алдында тыныш жата алмай, соңғы кітабін жазып кетіпті. Жердің (күнді) айналуын еуропалықтардың «біз таптық» деуі қате. Жердің жұмыр екеніне алғаш рет пәтуә жасасқан мұсылман ғалымдары, бірақ олар жер (күнді) айналады демеген. Имам Фахир Руузи «Тәфсир-и кабир» («Үлкен түсіндірме») кітабінде жердің қозғалатынын айтқан. Ал бұл кітап Коперниктен 400 жыл бұрын жазылған» – деп [8.351-352] түсініктеме берген.

Бұдан кейінгі қажыға бет алған сапары темір жолдың танабымен Вена (Австрия), Будапешт (Венгрия), Белград (Югославия-Сербия), София (Болгария) арқылы Константинопольге (Станболға) келіп тіреледі. Грекиямен арада соғыс жүріп жатқандықтан да, теңіз жолымен жүру қауіпті болғандықтан да, жылға жуық дамылдауға мәжбүр болады. Міне, осы жылға жуық мерзімнің ішінде Станболдағы медреселермен, мешіттермен, көне ғимараттармен, қасиетті ислам мазараттарымен, кітапханалардың қорымен еркін танысады. Дін оқымыстыларымен, ғалым-қаламгерлермен, кітап баспасы мен баспасөз қайраткерлерімен кездесіп, ұзақ-ұзақ пікірлесіп, кеңес құрады. Кітап дүкендерін аралап, құнды жазбалар мен басылымдарды жаздырып алып, почта арқылы Семейге жолдайды. Уақытының денін тарихи тұлғалар мен дін ғұламаларының басына зиарат етуге жұмсайды. «Саяхатнамада» мұның барлығы тарихи тұрғыдан тәфсірленіп, қала тұрғындарының саны мен құрамына дейін егжей-тегжейлі тәптіштеле баяндалады. Әсіресе, «Бұл қалада барыс-келісте болған кейбір кісілерден қазандық бауыр Мұстафа мырза, Мырза Салих мырза қатарлылар бар еді. Бұлардың ішінде ілелік (Іледен шыққан – Т.Ж.) қари Ғазиз әфәнді түрікше сөйлегенде, түріктердің өзін жаңылдыратын өте зерек кісі еді. Соның ішінде, денсаулық сақтау бөлімі бастығының орынбасары әдебиетші Әжмад Мидхаттың тілі мен қаламы оның атағын бүкіл мұсылман дүниесіне танымал еткен адам. Бұл кісімен сөйлесіп, көп нәрсені білдік. «Ақидамның» (журнал) жауапты шығарушысы Ахмет Жаудат әфәндімен әңгімелестік. Өз баспаханасында басылған бір дана «Мәнзумат ғылым» кітабін тарту етті. Біздің «Тарих-и жарид-и Жадида» атты тарихатымыздың бір данасын алды. Өзге де зиялы кісілермен жолықтық. Мысалы, «Мағлұмат» журналының бас редакторы Жалал Ынса зада (кавказдық) сияқты тағы да басқа адамдармен кездесуге Станболда тұрған жүз күннен аса уақытымыз жетерлік болды», – деген естеліктер ерекше назар аударады. Бұл кездесулердің Құрбанғалидің тарихи-танымдық көзқарасының қалыптасуына ерекше әсер еткені аңғарылады.

Қажылықтың жыл уақыты қайырылып келгенше бұйығып жатпай, Бұрса, Ізмір, Бейрут шаһарларына саяхаттап, одан Жер Орта теңізі арқылы Родос аралына соғып, Африка жағалауындағы Ескендір (Александрия) шаһарына аялдап, қайыра Бейрут арқылы Шам (Дамаскі), Салихия, Құддыс (Иерусалим), Порт Саид, Каир (Қахира), Суэц, Саид, Жидда, Мәдина-и мунаууарада дамылдайды. Макка-и мұкараммаға келгенде үш жолсеріктің бірі Рамазан қажы ауырып, тағы да 25 күн еру қонады. Сонда: «Ташкендік жолдасымыз бізден бөлініп кетті. Ол қатты науқастанып қалғанда біз бір ай Варшавада тоқтап, бір жылға қажылыққа кеш қалып келіп едік. Ол ауырғанда қаншама қызметіміз сіңіп еді. Станболда бізге қолының сұғанақтығын да көрсетіп еді, соған ештеңе айтпап едік» – деген [8.379] өкінішті жайды баяндап өтеді. Ең соңында Макка-и мұкармаға жетеді. Қағбаға тәу етіп, Арафат тауын айналып, қажылық парызын өтейді. Кері бағытта

Станбол-Куфа (Феодосия), Мәскеу, Омбылатып Семейге қайтады: «Семейге соғып, дос-жаранның құрметін көреді. Онда тоғыз күн тұрып туған жері Аягөзге келеді, ақыры қыркүйектің 27-күні, 23-жамадил әууәл, жексенбі күні Шәуешекке жетіп, туыс-туған, ел-жұртымен аман-есен бет көріседі» [сонда].

Құрбанғалидің энциклопедиялық білімге ие, таным-түсінігі шығыс пен батыстың ғұламалары деңгейінде болғанына, әр құбылыс пен көрініске тарихи пайыммен қарайтындығына осы «Таурих-и хамса-и шарқидың» «Саяхатнама» тарауындағы қатиралық жолжазбалар толық дәлел. Мұны өзінше бір дербес әфсаналық тәпсір деп те бағалауға болады. Көрген ғажайыптары мен озық өркениеттің өнеркәсіпке сүйенген ғылыми таңғажайып жетістіктерін таң қалып баяндамайды, талдап баяндайды. Әр құбылысты нақты суреттеп, қаланың тарихын, ғимараттардың сәулетін, шіркеу суреттеріндегі әулиелер мен әнбиелердің, пайғамбарлардың, тарихи тұлғалардың, аты танымал патшалар мен хандардың, ғалымдар мен ғұламалардың, жерасты метросы мен су электр станцияларының, кемелер мен поездардың, тарихи кітаптар мен шежірелердің, мазарлар мен мавзолейлердің, құлпытастағы жазулардың, ескерткіштер мен әйкелдердің сомдалу бейнесін, қолжазбалар мен тастағы жазулардың мағыналарын қысқа әрі мағыналы тәпсірлейді.

Қажылықтан қайтып оралысымен, өзінің бұрыннан ойластырып жүрген мақсатты ісін қолға алады. «Тарих-и жариди-и жадидадан» соң Ферғана хандарынан бастап, 1897 жылға дейінгі оқиғаларды кіргізіп, «Хамса-и шарқи уә тәттимма» атты бір тарихи кітап жазып, Жапония мен қытай тарихын қоса баяндауды ойластырады. Қажыға бару себебімен оны кейінге қалдырады. Қажылық сапарында көрген-білгенін, көңілге түйгенін жазуды, сонымен қатар жоғарыда айтылған тарихшылардың кейбір кем жерлерін, шала, қысқартылып баяндалған әңгімелерді толықтыруды, кітапқа тағы бірнеше бөлім мен мазмұн (оқиға, мағлұмат, дерек – Т.Ж.) қосуды лайық көреді» [8.350].

Ақыры, 1909 жылдың шығысында «Таурих-и хамса-и шарқиды» жазып бітіреді. «Ғази сөзінде»: «Құдайға шүкір, осымен тарихымды жазып бітірдім. Талай жапашақатпен осы жерге жеттім. Туыстарға, достарға айтарым: дұрысын – құптаңыздар, жетіспегені болса – түзеңіздер. Алланың шапағатымен 21 жыл уақыт жұмсап осы нәтижеге қол жеткіздім. Бұл – менің шарифат бойынша имамдық еткеніме 36 жыл, қазылық мансабыма 28 жыл толуына, яғни, һижраның 1327-жылындағы шағбан айының 28 күніне, миладидің 1910-жылына тура келеді» – деп [8.468] аяқтайды.

Қолжазбаны Қазан қаласындағы «Өрнек» баспасы 1910 жылдың шығысында кітап етіп бастырып шығарды. Осындай аса мағыналы, оқиғаға бай, түрлі тарихи-танымдық қайшылықтар заманында өмір сүрген ғұлама Құрбанғали Халиди 1913 жылы наурыз айының 14 жұлдызы күні Шәуешек қаласындағы өзінің қара шаңырағында дүниеден озды.

1913 жылы 15 наурызда «Шура» журналында жарияланған азнамада оқымыстының өмірден өткенін ғайри жамиғатқа естірте келе: «1910 жылы Қазанда оның екінші кітабі, яғни, шығыс түркілеріне арналған «Таурих-и хамса-и шарқи» деп аталатын үлкен «Тарихы» баспадан шығып таратылды. Егер аңыздар мен ескі нанымдарға қатысты жеке элементтерін алып тастаса, бұл кітап, шын мәнінде тамаша еңбек. Онда еш жерде кездеспейтін мәліметтер бар. Кітап – автордың ғалымдығы мен адамгершілігін және оның ойы мен ақылының еркіндігін көрсетеді» – деп [14; 17.763] пікір білдіреді. Бұл оның сол заманның өзінде түркі дүниесі мойындаған тұрлаулы тұлға болғанын танытады.

Құрбанғали Халиди шарифат заңы бойынша төрт рет некелескен. Сондай-ақ, алыс сапарға шыққан мұсылман еркек бір жерде 40 күннен артық тұрақтаған жерінде уақытша әйел алуға қақылы, ал Шығыс Түркістанда бұл міндет болып саналады. Сол жора бойынша үйленген тағы да екі жамағаты болған-мыс. Олардың барлығынан да үрім-бұтақ бар. Ұрпақтарының кестесінде: Құрбанғали Халидидің балалары: татар қатыны Айшадан туғандары: 1. Хафиз қари (1875-14.05.1948.05, Шәуешек), 2. Абдунасыр (шежіре түзілген кезде Аягөзде тұрған), 3. Қызы Қабыш (Шәуешекте), тұрфандық ұйғыр Тоқан қатыннан: Сабыржан (Россияда), қызы Таййбе; қазақ қатыны Қаншайымнан: Рамазан (Аягөзде)» –

деп таратылады [13.206]. Құрбанғали Халидидің ұрпақтары негізінен ХХ ғасырдың орта шенінде бұрынғы кеңес одағының әр республикасына келіп қоныстанып, кейін өмірлік кәсіптеріне байланысты олар дүниенің әр тарабына таралып кеткен. Немере-шөберелері Алматыда, Астанада, Аягөзде, Бішкекте, Ошта, Шәуешекте, Ташкентте, Қазанда, Станболда, Прагада, Нью-Йоркта тұрады. Олар тұрған, туған, өскен ортасына және нағашы жұрттарының тегіне байланысты бірі – қазақ, бірі – өзбек, бірі – татар, бірі – ноғай, бірі – ұйғыр болып жазылады. Әрине, бұл олардың азаматтық еркі.

Алайда Беккұл мен Халид қариялардың азаматтық тегі Аягөз дуанына қарасты «семіз найманның Шынтыбай (Шыныбай, Шыбынтай -?) болысының бір руы «шала қазақ» тарауынан екені құжаттық тұрғыдан және Құрбанғали Халидидің өз куәлігімен толық расталады. Сондай-ақ, Халид пен Құрбанғали қажылардың меккелік төлқұжаттарында көрсетілген анықтама бойынша, олардың Ресей қарамағындағы Аягөз дуандық мекемесінің азаматы ретінде Қағбадағы тізімге тіркелгенін, олардың түпкі тегі ноғай мырзаларынан тарайтынын қаперге ұсына кетеміз. Текті ұрпақтың үрімдерінің біразымен біз де етене таныс, дос-құрдас, құда-жекжат, аға-бауыр ретінде араласқан жайымыз болды. Білімді, сабырлы, ақ пейіл, ажарлы, бауырмал, сөзге ұстамды, қиындыққа төзімді, тәуекелшіл жандар. Біздің үйлену тойымызда Мұхамеджан Юсупов дегдар сыйлаған «Тауарих-и хамса-и шарқи» кітабін ежіктей оқудың барысындағы ойға түйген пайымдаулар, араға қырық жыл салып барып, осындай тәуекелді ғылыми жобаны жүзеге асыруға пейілді етті. Ал Құрбанғали Халидидің жазбалары бойынша кестеге түсірілген ата-баба шежіресі, олардан таралған үрім-үшіндердің бұтақтары осы басылымның соңындағы қосымшада толықтырылып беріледі.

Ал оның ғылыми көзқарасының негізі мен қалыптасуы арнайы тарауға арқау боларлық дербес мәселе.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ  
филология ғылымдарының докторы, профессор

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ. Халиди, Тарих-и жариди-и жадида» – «Жаңатарихжазбалары» // Қазан, 1889. ...б.
2. Қ. Халиди, «Тауарих-и хамса-и шарқи»//Қазан: Өрнекбаспасы, 1910. 798 б.
3. Кармышева Дж. Казахский историк-краевед и этнографҚурбанғалиХалиди//Советская этнография. – 1971. – №1. –С. 100-109.
4. Ысқақов Б. Аягөзазаматы // Лениншіл жас7 - 1969 - 11 қараша; Ұмытылмасесімдер. Ұлығалымдарөмірінен (XV-XX ғасырлар). Жинақ. ҚұрастырғанжәнеалғызсөзінжазғанБ. Ысқақов//Алматы. Қазақстан, 1994. 224 б.
- 5.ҚР Орталықғылымикітапханасыныңсиреккітаптар мен қолжазбаларқоры// Қолжазба №335, 336, 337, 338
- 6.Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: (Бес тарих) АударғандарБ.Төтенаев, А.Жолдасов //– Алматы: «Қазақстан», 1992. – 304 б.
7. Әдебижәдігерлер. Жиырма томдық. 20-том. Қ.ХалидиТауарих хамса. Құраст: Қорабай С., Құдасов С. - Тауарих хамса //Мәтін 39-258-бб.Тауарих хамса. Факсимиле 259-373 бб. – Алматы: «Таймас» баспауіі, –2013. – 400 б.

8. Құрбанғали Халиди. Тауарих хамса (Бес тарих). Аударғандар: ХафизСаттарСалих, ҚызыркелдіӘбдірахманұлы //– Бейжің: «Ұлттарбаспасы», –2014. – 470 б.
9. «Тарих-и жарид-и жадида» – Семиполатинская история. Факсимилия и перевод. Состав. АхметВалиди Казани//– Берлин. 2001.
10. Qurban-Ali Khalidi. An Islamic Biographical dictionary of the Eastern Kazakh steppe 1170- 1912. Redaktorlar: Allen J-Frank, Mirkasyim A. Usmanov. Brill. – Leiden-Boston, 2005.
11. Кармышева Дж. Казахстанский историк-краевед и этнографКурбанғалиХалиди. Дисс. Канд. // – Алматы. – 1973.
12. Мұқанова А. Н. ҚұрбанғалиХалидтің «Тауарих хамса» еңбегіқазақтарихыныңдерегіретінде. Тарихғылымдарының кандидаты ғылымидәрежесіналуүшіндайындалғандиссертацияның авторефераты// Қарағанды.-2007.
13. Халитова И. Р., Халитова М. М., Халитов Б. М. ҚұрбанғалиХалидұлы: тарихшы, этнограф, ғалым. Монография // – Алматы: “EvoPress”, –2014 -240 б.
14. ҚармышеваЖәмилә. ШешіретішіҚұрбанғалиХалиди. АударғанШәріпбекӘмірбеков // Халықкеңесі. – 1992. 20 – қазан.
15. Құрбанғали Халиди. «Тауарих-и хамса-и шарқи» – «Шығыстың бес тарихы», қолжазба, транскрипция, кітаби басылым, аударма. Ғылыми жетекшісі Т. Қ. Жұртбай. Транскрипциялағандар Б. Мұстафаев, Ш. Бегімтаев. Қазақша аударғандар Т. Жұртбай, Б. Мұстафаев, Ш. Бегімтаев. // А. 2016